



БЕКІТІЛДІ
«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 28 шілдедегі
шешімі
№10/23 хаттама

**Кадр саясаты
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2023-2031 жылдарға арналған**

| | |
|-------------------|----------------------------------------|
| Күжат иесі | Департамент «Адам ресурстарын басқару» |
| Редакция | 2 |
| Жыл | 2023 |

Астана қ.

Мазмұны

| | | |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| 1. | Мақсаты және қолданылу саласы..... | Ошибка! Закладка не определена. |
| 2. | Терминдер мен қысқартулар | 3 |
| 3. | Кіріспе | Ошибка! Закладка не определена. |
| 4. | Кадр саясатының мақсаттары | 7 |
| 5. | Кадр саясатының принциптері | 8 |
| 6. | Кадр саясатының негізгі бағыттары | 11 |
| 6.1. | Негізгі бағыттар..... | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.2. | Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының стратегиялық пайымы мен даму мақсаттарын ескере отырып, адам ресурстарын дамыту арқылы білікті кадрларды тарту, уәждеу және оларға қолайлы жағдайлар жасау .. | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.3. | Персоналды іздеу және іріктеу | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.4. | Персоналды бейімдеу | 12 |
| 6.5. | Персоналды оқыту және дамыту | 13 |
| 6.6. | Сабақтастық жүйесі және таланттарды басқару | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.7. | Қызметті бағалау | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.8. | Сыйақыны басқару | Ошибка! Закладка не определена. |
| 6.9. | Еңбек қатынастары жүйесін (Industrial Relations) және әлеуметтік қолдау шараларын дамыту | Ошибка! Закладка не определена. |
| 7. | Қоғамның және оның ЕТҰ-ларының стратегиялық мақсаттарын іске асыруға ықпал ететін корпоративтік мәдениетті тиімді дамыту | Ошибка! Закладка не определена. |
| 8. | Персоналды басқарудың заманауи әдістері мен озық технологияларын енгізу, HR - функциялардың тиімділігін арттыру үшін HR-процестерді жетілдіру | Ошибка! Закладка не определена. |
| 9. | Күтілетін нәтижелер | Ошибка! Закладка не определена. |
| 10. | Нормативтік сілтемелер..... | Ошибка! Закладка не определена. |
| 1 | қосымша. Ағымдағы жағдайды талдау | Ошибка! Закладка не определена. |
| 2 | қосымша. Кадр саясатының НҚҚ | Ошибка! Закладка не определена. |
| 3 | қосымша. Қоғамның 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес 2023 жылға арналған жоспарлы саны | Ошибка! Закладка не определена. |

| | | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|---------------------|
|  SAMRUK ENERGY | «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2023-2031 жылдарға арналған Кадр саясаты | 2 редакция 2 |
| Страница 3 из 25 | | |

1. Мақсаты және қолданылу саласы

«Самұрық-Энерго» АҚ Кадр саясаты (бұдан әрі - Кадр саясаты) адам ресурстарын басқарудың басқару жүйесін, қағидаттары мен негізгі бағыттарын айқындайды және «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) тобының барлық еншілес ұйымдары үшін бірынғай құжат болып табылады.

2. Терминдер мен қысқартулар

| Термин қысқарту | Анықтамасы |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| CSR (Corporate Responsibility – Корпоративтік Әлеуметтік Жауапкершілік) | Компаниялар өз қызметінің тапсырыс берушілерге, жеткізушилерге, қызметкерлерге, акционерлерге, жергілікті қоғамдастықтарға және қоғамдық саланың басқа да мұдделі тараптарына әсері үшін жауапкершілікті өзіне жүктей отырып, қоғам мұдделерін ескеретін тұжырымдама. Бұл міндеттеме заңмен белгіленген заңнаманы сақтау міндеттемесі ауқымынан шығып, ұйымдар жұмысшылар мен олардың отбасыларының, сондай-ақ жергілікті қоғамдастық пен жалпы қоғамның өмір сүру сапасын жақсарту үшін қосымша шаралар қабылдайды деп болжайды; |
| ESG (Environment, Social, Governance – қоршаған орта, әлеуметтік саясат, корпоративтік басқару) | Компанияны экологиялық, әлеуметтік және басқару мәселелерін шешу шараларына тартуға қол жеткізілетін компанияны басқару сипаттамаларының жиынтығы. Бұл іс-қимыл мынадай принциптерге негізделген: Environmental - қоршаған ортаға деген көзқарас, Компания өндірісінің экологиялық тазалығы. Атмосфераға, топыраққа, су қоймаларына зиянды шығарындыларды азайту. Тауарлар өмірінің барлық циклін бақылау: шикізат өндіру, өндіру, пайдалану, кәдеге жарату; Social – қоғамның барлық өкілдеріне: персоналға, клиенттерге, қоғамға деген адалдық. Қызметкерлердің отбасыларына қамқорлық жасау, жеңілдіктер беру. Мүгедектерді жұмыспен қамту және оларға арналған әлеуметтік қызметтер; Governance - корпоративтік басқару, барлық құқықтар мен кепілдіктерді сақтау. Мемлекетпен, акционерлермен, тұтынушылар қауымдастығымен қарым-қатынас орнату. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, қаржылық коммуникациялар тізбегін қадағалау, қызметтің барлық салалары бойынша тұрақты есептер беріп отыру. |
| HR бизнес серіктес (HRBP) | бизнес пен HR-команда арасында сындарлы диалог орнатуға, стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде персонал бойынша сараптамалық-консультациялық көмек көрсетуге, сондай-ақ бизнес үшін HR-қызметтерді тиімді іске асыруға бағытталған ұйымның HR функциясындағы ерекше рөл; |
| HR метрика | ұйымдағы адам ресурстарын басқару процестерінің тиімділігін бағалауға немесе өлшеуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер; |

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| HR қызметі (ағылш. «Human Resources» – «Адам ресурстары») | бұл адам ресурстарын басқарудың корпоративтік функциясы; |
| HSE (Health, Safety, Environment Денсаулық, қауіпсіздік және Коршаган орта) | белгілі бір жұмыс ортасы үшін ықтимал тәуекелдерді анықтайдын процестер, шешімдер мен тәжірибелер жиынтығы, осы тәуекелдерді азайту немесе жоюдың озық әдістерін өзірлеу, содан кейін қызметкерлерді оқығалардың алдын алу, жарақатқа тез жауап беру және т. б. үшін тәуекелге бағытталған тәсіл әдіснамасына үйрету. HSE жеке, технологиялық, экологиялық қауіпсіздікті және тұтастай алғанда қауіпсіздік мәдениетін қамтиды, бұл кәсіпорынның ЕКЖәнЕӨК білдіретін заңнамалық нормалар мен ережелерге сәйкестігі ғана емес; |
| IR (Industrial Relations – өндірістік қатынастар) | бір жағынан жұмысшылар, жұмыс ұжымдары мен ұйымдар, екінші жағынан менеджерлер, компаниялар мен жұмыс берушілер ұйымдары арасындағы қатынастар; |
| Персоналдың бейімделуі | жаңа қызметкерлерді Қоғам қызметінің барысына қосу процесі, яғни корпоративтік мәдениетте бекітілген ережелер мен нормалармен, кәсіби қызмет тәсілдерімен, жүйеге бейресми байланыстарды енгізумен және т. б. танысу. |
| Бенчмаркинг | Қоғамның көрсеткіштері мен жағдайын басқалардың орташа көрсеткіштерімен, трендтерімен және ең жақсы тәжірибелерімен салыстыру; |
| Әл-ауқат | адамның ішкі сезімі, құнделікті істеген ісіне деген сүйіспеншілігінің үйлесімі, басқалармен жақсы қарым-қатынас, тұрақты материалдық жағдай, мықты денсаулық және Қоғам қызметіне қосқан үлесі үшін мактандыш және осы элементтердің өзара байланысы; |
| ЖЭК | жаңартылатын энергия көздеріне негізделген генерация; |
| Лауазым | ішкі құжаттарда белгіленген лауазымдық өкілеттіктер мен міндеттер ауқымы жүктелген штат біrlігі; |
| Дуальды оқыту | білім беру ұйымдарында оқытуды қәсіпорында оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен жұмыс орындарын ұсынумен және компанияның, оку орнының және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде білім алушыларға өтемақы төлеумен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны; |
| Жеке даму жоспары (ЖДЖ) | қызметкерлерді дамыту үшін қолданылатын және даму мақсаттарын және оларға қол жеткізуге бағытталған қызметкерлердің кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерін арттыру бойынша нақты іс-шараларды сипаттайтын құрал; |
| Кадрлық резерв / таланттар пулы | қызметті кешенді бағалау нәтижелері бойынша мұрагерлер/таланттар ретінде айқындалған кәсіби дағдылар мен |

| | |
|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейімен мансаптық өсуге ынталандырылған қоғам қызметкерлері; |
| Таланттар картасы (тоғыз жасушалы матрица) | тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерге қатысты негізделген басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін Қоғамдағы таланттарды басқару құралы; |
| Біліктілік талаптары | кәсіптік білім деңгейі, жұмыс өтілі (тәжірибесі), кәсіптік білімі мен дағдылары, лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті құзыреттері бойынша лауазымға қойылатын талаптар; |
| Жұмыскердің біліктілігі | бұл оның кәсіби дайындығының дәрежесі, яғни белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті дайындық, тәжірибе, білім, дағдылар деңгейі; |
| Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) | қызметтің тиімділігін көрсететін және қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер; |
| Компания/Компаниялар тобы | дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар; |
| Құзырет | өз лауазымы бойынша жұмысты тиімді орындауға ықпал ететін қызметкердің қасиеттері мен дағдылары (жеке-іскерлік, кәсіби); |
| Корпоративтік мәдениет | компания өзінің тиімділігін көрсеткен және компания мүшелерінің көпшілігімен бөлісетін сыртқы ортаға және ішкі интеграцияға бейімделу процесінде алған нормалар, құндылықтар мен сенімдер, мінез-құлық улгілерінің жиынтығы; |
| Коучинг | қызметкерге бағыт беретін және орын алған проблемаларды шешуді немесе жұмысты бұрынғыдан да жақсы орындауды үйренуге көмектесетін көшбасшының әрекеттері; |
| Тәлімгерлік | қызметкерлерді оқыту және дамыту әдістерінің бірі, бұл әдіс бойынша тәжірибелі қызметкер (тәлімгер) жұмысты тиімдірек орындауға және мансап құруға көмектесу мақсатында белгілі бір уақыт ішінде өз қамқоршыларымен өзі иегерген білімдерімен бөліседі; |
| Меритократия | басқару принципі, бұл қағдатқа сәйкес басшылық лауазымдарды әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық жағдайына қарамастан ең қабілетті адамдар атқаруы керек; |
| Мотивация | еңбек тиімділігіне әсер ету тетігі, қызметкерді немесе қызметкерлер тобын стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағыттайтын қызметке ынталандыру процесі; |
| Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспары | Назар аударуға лайықты тақырыптардың кең ауқымын, оның ішінде даму стратегиясы мен бизнес-модельді, Қоғам мен мудделі тараптар үшін орнықты даму тұрғысынан маңызды тақырыптарды үш курамдас бөлік (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік |

| | |
|----------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | тәуекелдер) бөлінісінде Қоғамның маңыздылығы мен тәуекелдерінің матрицасын қарау нәтижесінде Қоғам тарапынан айқындалған орнықты даму саласындағы бастамаларды қамтитын жоспар; |
| «70/20/10» қағидаты | корпоративтік оқытуды теңгерімді даму негізінде ұйымдастыру бағытындағы көзқарас: «70/20/10» моделі бойынша практика мен теорияның дұрыс үйлесімі, мұнда уақыттың 70% - ы өз жұмыс орнында нақты мәселелерді шешу арқылы оқытуды қамтиды; уақыттың 20% - ы жұмыс орнында әріптестерімен, тәжірибелі қызметкермен кері байланыс арқылы оқытуды қамтиды (тәлімгерлік, коучинг, менторинг, тьюторлық және т. б.); уақыттың 10% - ы семинарларда, тренингтерде және т. б. оқытуды қамтиды. Бұл модель өзгерістер негізі болып табылады, тиімді және нәтижелі оқытуға, жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізуге, ойлауды дамытуға, сондай-ақ мінез-құлықты өзгертуге және дамытуға ықпал етеді; |
| Кәсіби стандарттар | қызметкерге белгілі бір кәсіптік қызмет түрін жүзеге асыру, оның ішінде белгілі бір еңбек функциясын орындау үшін қажетті біліктілік сипаттамасы; |
| Сабактастық жүйесі | Бұл негізгі лауазымдарды толтыру үшін Қоғам ішінде айтарлықтай әлеуеті бар жұмысшыларды анықтау және дамыту процесі; |
| Таланттарды басқару | әлеуеті жоғары қызметкерлерді анықтау процесі, олардың дағдылары мен құзыреттерін бағалау және жетілдіру, сондай-ақ оларды қоғамның негізгі лауазымдарына ауыстыруға дайындау. |

3. Кіріспе

3.1. Қоғамның Кадр саясаты персоналды басқару саласындағы негізгі құжат болып табылады және адам капиталының құнын арттыруға, қолайлы жағдайлар жасауға және еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

3.2. Қоғамның Кадр саясатының негізгі ережелері ағымдағы жағдайды талдау негізінде әзірленді (1-қосымша) және Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№209 хаттама) бекітілген «Самұрық – Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) бойынша Кадр саясатының негізгі басымдықтарына, Қор Басқармасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен (№70/22 хаттама) бекітілген Қор тобындағы Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартқа негізделеді. Кадр саясатын әзірлеу кезінде мүдделі тараптардың талаптары мен пікірлері айқындалды, Жалғыз акционердің, ішкі стейкхолдерлердің пікірі, GRI және ISO 10018 халықаралық стандарттарының практикасы және т.б., сондай-ақ реттеуші органдардың талаптары ескерілді.

3.3. Қоғамның кадр саясатының бағыттары Қоғамның саясатында, ережелерінде, қағидаттырында және басқа да функционалдық құжаттарында, сондай-ақ әрбір еншілес үйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып ЕТҰ-да толық қаралатын болады.

3.4. Бұғаңға күні Қоғам энергия ресурстарын сенімді, үздіксіз жеткізууді қамтамасыз ету жөніндегі жалпымемлекеттік мүдделерді ұдайы қадағалай отырып, Қазақстан Республикасының нарығында электр энергиясын өндірудің басым үлесін қамтамасыз етеді. Күннен күнге артып келе жатқан тұтыну деңгейі аясында қолда бар қуат резервтерінің тез қысқаруына байланысты салада электр қуатының тапшылығы артып келеді. Осылан байланысты Қоғам электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты жабу үшін жаңа көмір энергия көздерін енгізууді жоспарлада отырып.

3.5. Қазақстан, бүкіл әлем сияқты, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалану бағытындағы 4-ші энергетикалық көшу кезеңіне қадам басуда, олар уақыт өте келе қазба отындарының көп бөлігін - газ, мұнай, көмірді ығыстыратын болады. Күн тәртібінің маңыздылығын және көмір өндіруге негізделген қызметпен байланысты тәуекелдерді түсіне отырып, Компания 2060 жылға дейінгі кезең аралығында көміртегі бейтараптығына қол жеткізе отырып, қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға тырысатын болады.

3.6. Ол үшін түрлі ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде ЖЭК-генерациялау обьектілерін салу, кейбір активтерді газға ауыстыру, көміртекті ұсташа және сақтау саласындағы ең үздік қолжетімді технологияларды қолдану, жинақтау, цифрландыру және энергия тиімділігі жоспарлануда. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді перспективада даму стратегиясын жоспарлаудан тыс, Компания көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жалпымемлекеттік мақсатқа өз үлесін қосу мақсатында сутегі энергетикасы және геотермалдық көздер сияқты қосымша салаларды да қарастыратын болады.

3.7. Персоналды басқару саласындағы үрдістер Қоғамның дамуына, жаһандық трендтердің өзгеруіне және технологиялардың жетілдірілуіне қарай үнемі өзгеріп отырмак. Мысалы, жаһандық коронавирустық пандемия персоналды басқарудың негізгі тенденцияларына күрт әсер етті.

3.8. Осы факторларды ескере отырып, адам ресурстарын басқару саясаты бизнес-міндеттерге, фактілерге негізделген тиімді шешімдерге, меритократияны дамытуға және қызметкерлердің әл-ауқатын арттыруға барынша икемді бағытталуы тиіс.

4. Кадр саясатының мақсаттары

4.1. Осы кадр саясатының мақсаты адам капиталының құнын арттыру, қолайлы жағдайлар жасау және еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуға жәрдемдесу болып табылады.

4.2. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2023-2031 жылдарға арналған кадр саясаты (бұдан әрі - Кадр саясаты) «Самұрық – Энерго» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Даму Стратегиясының (бұдан әрі - Даму стратегиясы) мақсаттарына негізделген және Қоғамның З стратегиялық мақсатын барынша тиімді іске асыруға ықпал етуге бағытталған, 1-суретте көрсетілген:

- Көміртегі ізінің таза салмағын азайту;
- Өнімділікті арттыру;
- Таза активтер құнын арттыру.



1 сурет. Стратегические HR бастамалар

4.1. Компания қызметкерлері негізгі актив және оның бәсекелестіктері артықшылығы болып табылады. Даму стратегиясын іске асыру шенберіндегі өзгерістердің ауқымы мен күрделілігі, сондай-ақ бәсекелестік сыртқы орта қызметкерлердің жаңа дағдыларды игеруін, сондай-ақ құндылық көзқарастары мен корпоративтік мәдениеттің өзгеруін талап етеді. Персоналмен жұмыс істеудің барлық бағыттары менеджменттің озық тәжірибелерін айтартықтай жаңғыртуды, дамытуды және қолдануды талап етеді, бұл мақсатқа HR функциясының рөлін әкімшілік-қолдау рөлінен компанияның бизнес-бөлімшелерінің стратегиялық серіктесіне ауыстыру арқылы қол жеткізілетін болады.

4.2. Персоналды басқару саясатының негізгі элементтері адам ресурстарын белсенді жоспарлауға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, әділ жалақы деңгейі жүйесін қуруға, корпоративтік мәдениет пен ішкі сараптаманы дамытуға байланысты бағыттар болады.

5. Кадр саясатының қағидаттары

5.1 Кадр саясатының негізгі ережелерін іске асыру HR функциясын түрлендіруге бағытталған және қызметті неғұрлым тиімді жүзеге асыруға және Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін шешуге ықпал етеді.

5.2 HR функциясының рөлі бизнесті тиімді түрде қолдау, үйымдық мүмкіндіктерді басқару және акционерлер мен басқа да мүдделі тараپтар үшін елеулі құндылық тудыру үшін стратегиялық бағытта болады. Тұрақты даму қағидаттарына негізделген - мүдделі тараپтардың мүдделерін құрметтеу, адам құқықтарын сақтау, ашықтық, есеп беру, жариялыштық, заңдылық, әдепті мінез-құлық, жеке мысал, сыйайлар жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жұмысқа орналасу кезінде тең мүмкіндіктер беру, кемсітушіліктің болмауы, жыныстық қудалауға жол бермеу және басқалар, Қоғамның Кадр саясаты 1-кестеде көрсетілген бизнес-қағидаттарға негізделеді.

| БИЗНЕС-ҚАҒИДАТТАР | СИПАТТАМАСЫ |
|-----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Проактивтілік | Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру кезеңдерін ескере отырып, кадрларға қатысты жағдайды қысқа, орта және ұзак мерзімді кезеңдерге болжайу және жоспарлау, HR-тәуекелдерді бағалау мен митигациялауды (төмендетуді) жүзеге асыру (мүмкін болатын салдардың алдын алу, теріс салдарларды барынша азайту) қабілеті |
| Қоғамның барлық еншілес үйымдары үшін персоналды басқару саясатының бірлігі | Еңбек ресурстарымен жұмыс істеудің мақсаттары, міндеттері мен бағыттары Қоғамның барлық еншілес үйымдары үшін бірдей болуға тиіс. Барлық еншілес үйимдардың қызметкерлеріне қатысты технологиялар мен іс-шаралардың қолжетімді бірыңғай терминологиясы, тілі, ашықтығы мен түсінікті болуы |
| Меритократия | Жұмыскердің әрқайсысын жеке еңбегі үшін бағалау, әлеуеті бар адамдарды жоғары деңгейге көтеру. Сыйақыны қызметкердің қызметі мен жеке үлесін бағалау нәтижелері негізінде белгілеу, қанағаттанарлықсыз нәтижелерге төзбеушілік |
| Ашықтық пен жариялыштық | Ашықтық пен жариялыштықты қамтамасыз етуге персоналды басқару процесінің кез келген кезеңінде ашық рәсімдер, коммуникациялар және ашық диалог орнату арқылы қол жеткізілетін болады |
| Сабактастық | Сабактастыққа корпоративтік, басқарушылық және кәсіптік білім мен дағдыларды, корпоративтік құндылықтар мен дәстүрлерді қызметкерлердің бір үрпағынан екіншісіне беру және игеру жолымен Қоғам компаниялары тобы бойынша ішкі сараптаманы ұлғайту арқылы қол жеткізілетін болады |
| Мамандардың жоғары кәсібілігіне және олардың өзін-өзі жетілдіруге | Кәсіби және мансаптық өсуге және өз кадрларын дамытуға инвестиция қую. Өзін-өзі дамытуға жоғары |

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| деген үмтүлісінә назар аудару | мотивацияны ынталандыру. Өзін-өзі оқытуы үйым принциптерін қолдану (70-20-10) |
| Жалпы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге қызметкерлерді тарту мәдениетін дамыту | Қызметкерлердің тиімді уәждемесін қамтамасыз ету, жоғары адалдық мәдениетін, қызметкерлердің бастамасын, қызығушылығын және жоғары еңбек нәтижелеріне және стратегиялық ортақ мақсаттарды іске асыруға қосқан үлесіне деген үмтүлісін қалыптастыру |
| Жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мұдделерінің тепе-тендігін сақтауға бағытталу | Қоғамның барлық еншілес үйымдарында IR, HSE, CSR практикаларын енгізу |
| Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер / кемсітушілікке жол бермеу | Инклузивтілік, әртүрлілік және кемсітпеу қағидаттарын ұстану. Жұмысшылар кемсітушілікке ұшырамауы керек (яғни, лауазымнан бас тарту, жоғарылату немесе жалақының өсуі, әділетсіз сынға алу немесе әділетсіз теріс баға беру, ұқсас жағдайларда және ұқсас білімі, тәжірибесі және жұмыс тәжірибесі бар басқа жұмысшыға қарағанда аз төлеу және т.б.). Қоғам заңнаманың ережелеріне, қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, қоғамның ұжымдық шартына сәйкес қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындау кезінде тең мүмкіндіктер беруге тырысады. |
| Стратегическое партнерство функции управления персоналом и бизнес-подразделений | Смещение роли HR функции с административно поддерживающей, до роли стратегического партнера для бизнес-подразделений |
| Адам құқықтарын сақтау | Қоғам адам құқықтарына қолайсыз әсерді қалай жоятынын анықтау, алдын алу, азайту және есепке алу үшін саясаттар мен процестерді қолдана отырып, адам құқықтарын сақтайды. Адам құқықтары саясаты және қоғамдағы кемсітушілікке жол бермеу саясаты адам құқықтарын, соның ішінде жұмыс орнындағы адам құқықтарын сақтау міндеттемесін көрсетеді. Адамның ішкі құқықтары жұмыс орнындағы адам құқықтарына бағытталған: жеке тұлғаны құрметтеу, әділетсіз кемсітушіліктің болмауы, жалдаудың әділ және тең әдістері, денсаулық пен қауіпсіздік, жеке даму, ассоциация еркіндігі және мәжбүрлі немесе балалар еңбегіне тыйым салу. Қызметкерлерге «жедел желі» ұсыну, сондай-ақ адам ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге, «Комплаенс» қызметіне және қоғам Омбудсменіне жүргінүү, олар кез-келген проблемалар туралы, Мінезд-құлық кодексінің барлық бұзушылықтары, соның ішінде кемсітушілік немесе адам құқықтарының бұзылуы туралы есеп бере алады. |

1 кесте. Бизнес-қағидаттар

6. Кадр саясатының басты бағыттары

6.1. Негізгі бағыттар

6.1.1. Даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ Қоғам алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Кадр саясатында мынадай негізгі бағыттар айқындалған:

- Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының стратегиялық көзқарасы мен даму мақсаттарын ескере отырып, адам ресурстарын дамыту арқылы білікті кадрларды тарту, ынталандыру және қолайлы жағдайлар жасау;
- Қоғамның және оның ЕТҰ-ларының стратегиялық мақсаттарын іске асыруға ықпал ететін корпоративтік мәдениетті тиімді дамыту;
- персоналды басқарудың заманауи әдістері мен озық технологияларын енгізу, HR-функциялардың тиімділігін арттыру үшін HR-процестерді жетілдіру.

6.2. Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының стратегиялық көзқарасы мен даму мақсаттарын ескере отырып, адам ресурстарды дамыту арқылы білікті кадрларды тарту, ынталандыру және қолайлы жағдайлар жасау

6.2.1. Меритократия қағидаттарын негізге ала отырып, осы бағытты іске асыру кәсіпқойлық пен сараптаманы арттыруға, қызметкерлердің бизнес-нәтижелерге қол жеткізудегі еңбегін тану жүйесін құруға, нарықтық бағдарларға сәйкес жұмыс берушінің бәсекелестік деңгейдегі құндылық ұсынысына негізделеді.

6.2.2. Қоғамның ізденушілер мен қызметкерлерге, олардың тұрақты тұлғалық және кәсіби дамуына қатысты белсенді ұстанымы, мақсаттарға қол жеткізуге байланысты бәсекеге қабілетті сыйақы корпоративтік мәдениеттің дамуын, еңбек ресурстары нарығында және қоғамда қоғамның оң беделін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамның үздік жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттырады.

6.3. Персоналды іздеу және іріктеу

6.3.1. Қоғамның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес Персоналды белсенді жоспарлау (HR бизнес-шешімдерді қалыптастыруға тартылған кезде) Қоғамға стратегиялық және ұйымдастырушылық икемділікті қамтамасыз етуге, персоналға сапалық және сандық қажеттілікті және З-

қосымшаға сәйкес осы қажеттілікті жабудың онтайлы көздерін айқындауға мүмкіндік береді.

6.3.2. Қажетті қызметкерлерді тарту, ынталы қатысады арттыру үшін Қоғам Жұмыс берушінің құндылық ұсынысын (ішкі және сыртқы) қалыптастырады. Ол меритократия принциптеріне сүйене отырып, төмендегідей негізгі элементтерге негізделеді:

- бірегей тәжірибе: қызметкерлерге нарықтық құнын арттыратын құнды тәжірибе алудың бірегей мүмкіндігі беріледі;

- әлеуметтік маңыздылығы: әрбір қызметкер Қоғамның дамуына және оның ЕТҰ-ларына және халықтың әл-ауқатына өзінің жеке үлесін қосады;

- жұмыстың бәсекелестік шарттары: еңбек жағдайлары ұсынылады (нарықтық бағдарларды ескере отырып сыйақы, оқыту және дамыту мүмкіндіктері, әлеуметтік женілдіктер).

6.3.3. Іздеу және іріктеу меритократия, ашықтық және объективтілік қағидаттарын сақтай отырып, конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша біліктілік деңгейі, кәсіби іскерлік және жеке қасиеттер бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келетін неғұрлым қолайлы кандидаттарды тағайындауға бағытталған. Тең жағдайда Қоғамның ішкі кандидаттарына басымдық беріледі.

6.3.4. Персоналды іздеуді және іріктеуді Қоғам мынадай шарттарды ескере отырып жүзеге асырады:

- конкурстық рәсімдерді қатаң сақтау;

- іріктеу және жалдау рәсімдерінің ашықтығы, оның ішінде қажет болған жағдайда іріктеуде профайлинг және полиграф құралдарын қолдану;

- үміткерлерге іріктеу нәтижелері туралы объективті және уақтылы кері байланыс беру;

- барлық әкімшілік-басқару және өндірістік бос жұмыс орындарын Samruk qyzmet платформасында, оның ішінде ішкі конкурстарды өткізу кезінде орналастыру;

- инженерлік және техникалық мамандықтар бойынша дуальды оқытуға қатысушыларды тарту үшін жоғары оқу орындарымен және кәсіптік-техникалық колледждермен жұмыс;

- тарту және іріктеу кезінде инклузивтілікті қамтамасыз ету: ұлттық, жыныстық, жас және басқа да белгілер бойынша кемсітүшілікке жол бермеу;

- басқарудың және құнделікті қызметтің барлық деңгейлерінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін жұмыс беруші ретінде қоғамның HR брендін дамыту.

6.4. Персоналды бейімдеу

6.4.1. Персоналды бейімдеу жаңадан қабылданған қызметкерге оның ұжымға табысты кірігуі мақсатында, Қоғамның мақсаттарымен, оның қызмет ерекшеліктерімен, сондай-ақ компанияның негізгі ережелерімен және

қызметкердің функционалдық міндеттерімен танысу арқылы жан-жақты көмек көрсету қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

6.4.2. Бейімделуді құрудың негізгі тәсілдері:

- корпоративтік бейімделу: тиімді жұмыс істеу үшін жаңа қызметкерге Қоғам қызметін ұйымдастыруға байланысты ақпарат беріледі;
- әлеуметтік бейімделу: әріптестермен тиімді қарым-қатынас құру;
